

«Бекітемін»
Шығыс Қазақстан облысының
А.С. Пушкин атындағы
кітапханасының директоры
17.01.2025 Н.Е. Тлеубекова



**«Әнуар Әлімжанов: шабыт қанатындағы қаламгер»
облыстық байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ақпарат

Байқау белгілі жазушы, публицист, қоғам қайраткері, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының, Халықаралық Дж. Неру атындағы сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның Халық жазушысы Әнуар Тұрлыбекұлы Әлімжановтың 95 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылады.

2. Байқауды ұйымдастырушылар мен қатысушылар:

- 2.1. А. С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы;
- 2.2. Байқау үйлестірушісі – А.С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан Облыстық кітапханасының Білім орталығы;
- 2.3. Байқауға 9-11 сынып оқушылары қатыса алады;
- 2.4. Байқау Ережесі кітапхананың <https://pushkinlibrary.kz> сайтында және <https://www.facebook.com/groups/pushkinlibrary.kz>, <https://www.instagram.com/pushkinlibrary/> әлеуметтік желі парақшаларында жарияланады.

3. Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

- 3.1. Әнуар Әлімжановтың шығармашылығын насихаттау, қазақ әдебиетіне деген қызығушылықты арттыру;
- 3.2. Оқушылардың шығармашылық әлеуеттерін, ізденістерін дамыту;
- 3.3. Әнуар Әлімжановтың өмірі мен шығармашылығын зерделеу арқылы өз тарихы мен мәдениетіне, еліне-жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

4. Байқауды өткізу шарттары мен тәртібі:

- 4.1. Байқау 3 кезеңнен тұрады:
I кезең (онлайн) – Ә. Әлімжановтың шығармашылығына арналған эссе жазу. Байқау материалдарын (эссе) қабылдау уақыты – 2025 жылғы 01-28 ақпан аралығы;
II кезең (онлайн) – Ә. Әлімжановтың шығармашылығына арналған презентация (I кезеңнен өткен қатысушылар үшін). Байқау материалдарын (презентация) қабылдау уақыты – 2025 жылғы 11-31 наурыз аралығы;

III кезең (офлайн) және марапаттау – А. Әлімжановтың шығармаларынан эпизодтық сахналық қойылым (II кезеңнен өткен қатысушылар үшін). Уақыты – 2025 жылғы 13 мамыр.

4.2. Эссе мазмұнының тақырыпқа сәйкестігі;

4.3. Эссе жазу талаптарының сақталуы;

4.4. Сауаттылық (орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық);

4.5. Презентация көлемі – 10 слайдқа дейін;

4.6. Қойылым ұзақтығы – 10 минут.

5. Байқаудың өту мерзімі, қорытындысы:

5.1. Байқауға қатысуға өтінімі 28-ақпанға дейін pushkinlibrary@yandex.kz

поштасына қабылданады;

5.2. Байқаудың қорытынды кезеңі 13-мамыр күні сағат 10.00-де А.С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасының мәжіліс залында өтеді (Қазақстан көшесі, 102);

5.3. Байқау жеңімпаздары әділқазылар шешімімен анықталып, марапатталады.

Байқау жұмыстары қатысушының аты-жөні, мектептің, сыныптың атауы және үйлестірушінің байланыс деректері (e-mail, ұялы телефон) көрсетіле отырып pushkinlibrary@yandex.kz электронды поштасына немесе Telegram арнасындағы 8 705 186 35 86 нөміріне «Әнуар Әлімжанов: шабыт қанатындағы қаламгер» деген тақырыпты көрсете отырып жіберілуі қажет.

Байланыс телефоны: 87051863586, Мергембаева Динара Саиндолдиновна.

(Ескерту). Байқау жұмыстары белгіленген мерзімде қабылданады. Кешіктіріліп жіберілген жұмыстар қарауға жатпайды.